

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

### «ҚазМұнайГаз»Барлау Өндіру» АҚ 2012 жылдың қаржылық нәтижелері

Астана, 13 наурыз 2013 ж. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ», «Компания») 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың топтастырылған қаржылық есебін жариялайды.

- Ішкі нарыққа жеткізілімге бағаның жоғары болуына және экспортқа жеткізілім көлемінің ұлғаюына байланысты ақша түсімі 2011 жылға қарағанда 11%-ға жоғары болды және 797 млрд. теңгені құрады (5 346 млн. АҚШ доллары)<sup>1</sup>.
- Таза пайда 161 млрд. теңгені (1 079 млн. АҚШ доллары) және бір акцияға шаққандағы пайда 2 320 теңгені (бір ЖДҚ үшін 2,59 АҚШ доллары ) құрады, осылайша 2011 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 23%-ға және 21%-ға азайды.
- 2012 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 112 долларды құрап, 2011 жылмен салыстырғанда еш өзгеріссіз болды.

### Өндірістік көрсеткіштер

2012 жылы ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС (бұдан әрі – Қазгермұнай, ҚГМ), ССЕЛ (бұдан әрі – Қаражанбасмұнай, ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (бұдан әрі – ПҚИ) компанияларындағы үлестерін есептегенде, 12 191 мың тонна (тәулігіне 247 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 1%-ға кем.

«Өзенмұнайгаз» АҚ («ӨМГ») 4 950 мың тонна (тәулігіне 100 мың баррель) өндірді, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 132 мың тоннаға кем. «Ембімұнайгаз» АҚ («ЕМГ») 2 816 мың тонна (тәулігіне 57 мың баррель) өндірді, яғни 2011 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз. ӨМГ мен ЕМГ жалпы өндіру көлемі 7 766 мың тоннаны құрады (тәулігіне 156 мың баррель).

ҚМГ БӨ-дің ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларындағы өндіру үлесі 2012 жылы 4 425 мың тоннаны (тәулігіне 91 мың баррель) құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда шамалас, өзгеріссіз.

### Мұнай сату

2012 жылы ӨМГ және ЕМГ мұнай сатылымының экспорттық көлемі 6 078 мың тоннаны (тәулігіне 122 мың баррель) , ал ішкі нарыққа жеткізілімдер 1 637 мың тоннаны (тәулігіне 33 мың баррель) құрады.

ҚМГ БӨ компаниясының ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының мұнай сатылымындағы үлесі 4 412 мың тоннаны (тәулігіне 92 мың баррель) құрады, 3 430 мың тонна мұнай (тәулігіне 71 мың баррель) экспортқа жеткізілімді қоса алғанда, бұл компаниялардың жалпы сату көлемінің 78% құрайды.

---

<sup>1</sup> Сомалар АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, жиынтық кіріс туралы топтастырылған есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы (2012 жылы және 2011 жылы орташа бағам 149,11 теңге/ АҚШ долл., және 146,62 теңге/АҚШ долл құрады, сәйкесінше кезең соңында бағам 2012 жылдың 31 желтоқсанында және 2011 жылдың 31 желтоқсанына 150,74 теңге/АҚШ долл. және 148,40 теңге/АҚШ долл.) бойынша және жиынтық кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

## **Есепті кезеңдегі таза пайда**

2012 жылы таза пайда 161 млрд. теңгені (1 079 млн. АҚШ доллары) құрады, 2011 жылмен салыстырғанда 23%-ға төмен. Бұл негізгі активтердің құнсыздануын тану, табыс салығының ұлғаюы, қызметкерлерді марапаттау шығындары және бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға қатысудағы кірістердің төмендеуі, экспортқа өнім жеткізілімінің ұлғаюының ішінара өтелуімен және ішкі нарыққа жеткізілім бағасының айтарлықтай жоғары болуына байланысты.

## **Ақша түсімі**

2012 жылы қаржы түсімі 797 млрд. теңгені (5 346 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық. Бұл негізінен экспортқа жеткізілім көлемінің 6%-ға ұлғаюына және 2011 жылмен салыстырғанда ішкі нарыққа жеткізілімдер орташа бағасының 39%-ға артуына байланысты.

## **Кіріс салығынан басқа салықтар**

Кіріс салығынан басқа салықтар 2012 жылы 274 млрд. теңгені (1 839 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 3% кем, негізінен бұл 2011 жылы есептелген 15 млрд. теңге мөлшерінде (105 млн. АҚШ доллары) экспорттық кедендік баж салығы бойынша шығыстардың қайталанбауына және пайдалы қазбаларды өндіруге салықтың азаюымен байланысты. Жеткізілімдерге экспорт үлесінің ұлғаюымен байланысты ренталық салық бойынша артқан шығыстармен толықтай өтелді.

## **Өндірістік шығыстар**

2012 жылы өндірістік шығындар 140 млрд. теңгені (941 млн. АҚШ доллары) құрады, 2011 жылмен салыстырғанда 19%-ға көп. Өсімнің айтарлықтай үлесі қызметкерлерге төлемдер бойынша шығыстардың артуымен, электр қуатына шығыстармен және мұнай балансының өзгеруіне байланысты жағдаймен түсіндіріледі. Шығындар ұнғыларды күрделі жөндеу және қызмет көрсету санының азаюымен және өндірістік бағдарламаға сәйкес қабатты сұйықтықпен жару бойынша операциялар санының азаюымен, сондай-ақ жыл басындағы қолайсыз ауа-райы жағдайына байланысты ішінара өтелді.

## **Сату шығындары және әкімшілік шығындар**

2012 жылы сату шығындары және әкімшілік шығындар 93 млрд. теңгені (624 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 6%-ға төмен. Азаю негізінен айыппұлдар мен өсімпұлдарға шығыстардың төмендеуінен болды, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы АҚ («ҚМГ»ҰК») басқару гонорарларының 8,3 млрд. теңгеден (57 млн. АҚШ доллары) 4,0 млрд. теңгеге дейін (27 млн. АҚШ доллары) төмендеуі, экспортқа жеткізілімдер көлемінің ұлғаюымен байланысты көліктік тасымалдау шығындарының өсімінің ішінара өтелуі.

## **2012 жылдың басында құрылған екі жаңа сервистік компанияның шығыстары.**

Екі жаңа сервистік компанияның «Технологиялық транспорт және ұнғыларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС (ТТЖҰҚКБ) және «Бұрғылау жұмыстары басқармасы» ӨҚБ (БЖБ) операциялық шығыстары 2012 жылы 10,9 млрд. теңгені (73 млн. АҚШ доллары) құрады. Шығыстардың 2,6 млрд. теңге мөлшеріндегі бөлігі (17 млн. АҚШ доллары) бұл компанияларда салалық қызметтері бойынша жұмысқа тартылмаған қызметкерлерге төлемдер бойынша өндірістік шығыстармен бірге әкімшілік шығыстар және іске асыру шығындары ретінде санатталды.

ТТЖҰҚКБ және БЖБ компанияларының күрделі салымдары 2012 жылы 14,2 млрд. теңгені (95 млн. АҚШ доллары) құрады.

### **Айыппұлдар мен өсімпұлдар**

2012 жылдың 12 шілдесінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Компанияның 2006-2008 жылдардағы салықтарын тексеру жұмысын тәмамдады. 2011 жылдың қазан айында басталған салық тексеруінің нәтижесінде салық органымен 16,9 млрд. теңге мөлшерінде қосымша есептеу жүргізілді, оның ішінде салық сомасы 5,8 млрд. теңгені, 7,2 млрд. теңге – әкімшілік айыппұлды және 4,0 млрд. теңге – дер кезінде төленбеген төлемдерге өсімпұлды құрады. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ аталған тексеру нәтижелері бойынша ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетіне шағымдануда (топтастырылған қаржылық есептіліктің 26 ескертуіне назар аударыңыз).

### **Операциялық қызметтен ақша ағымдары**

Операциялық қызметтен таза ақша ағымдары 2012 жылы 155 млрд. теңгені (1 038 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 4%-ға жоғары. Бұл негізінен кірістің ұлғаюымен, кіріс салығы бойынша артқан шығыстардың толықтай өтелуімен және айналымдағы капиталдың өзгеруімен байланысты.

### **Күрделі салымдар**

2012 жылы күрделі салымдар (ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу) 108 млрд. теңгені (725 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 3%-ға жоғары. Оның ішінде геологиялық барлау ұнғыларын бұрғылауға күрделі салымдар 8,3 млрд. теңгені (56 млн. АҚШ доллары) құрады.

### **Акционерлерге төлемдер**

2012 жылдың 30 мамырында Компания 2011 жылдың нәтижелері бойынша 91 млрд. теңге (615 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде жыл сайынғы дивидендті жариялады. Белгіленген дивиденд мөлшері 2006 жылғы IPO сәтінен бері ең ірі көлем болып табылады.

2012 жылы ҚМГ БӨ 36 млрд. теңгеге жуық (242 млн. АҚШ доллары) сомаға 15 630 қарапайым акцияларын және 13 106 856 жаһандық депозитарлық қолхаттарын кері сатып алуды жүргізді.

### **Ақша қаражаттары және займдар**

2012 жылдың 31 желтоқсанында ақша қаражаттары мен олардың баламаларының сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 207 млрд. теңгемен (1,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 155 млрд. теңгені (1,0 млрд. АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 31 желтоқсанындағы басқа да қаржы активтерінің сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 511 млрд. теңгемен (3,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 522 млрд. теңгені (3,7 млрд. АҚШ доллары) құрады. Басқа қаржы активтері ҚМГ ҰК шығарған қарыз құралын (бұдан әрі-Облигация), депозиттерді және басқа да қаржы құралдарын қамтиды. 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ ҰК Облигацияларының сомасы 134 млрд. теңгені (891 млн. АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және қаржылық активтерінің (Облигацияны қосқанда) 78%-ы шетел валютасында, ал 22%-ы теңгеде қайта номинацияланды. Ақша қаражаттары және қаржы активтері бойынша есептелген қаржы кірісі (Облигацияны қосқанда) 2012 жылы 34,5 млрд. теңгені (232 млн.АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 31 желтоқсаны күнгі займдардың сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 88,0 млрд.теңгемен (593 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 7,3 млрд. теңгені (48 млн. АҚШ доллары) құрады. 2012 жылдың үшінші тоқсанында Компания 2009 жылдың желтоқсанында ПҚИ акциялар пакетінің 33 %-ын сатып алумен байланысты ҚМГ ПҚИ Қаржы Б.В берешекті мерзімінен бұрын өтеді.

Таза ақша қаражаттарының сомасы<sup>2</sup> 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 629 млрд. теңгемен (4,2 млрд.АҚШ доллары) салыстырғанда, 2012 жылдың 31 желтоқсанында 699 млрд. теңгені (4,6 млрд. АҚШ доллары) құрады.

### **Стратегиялық сатып алулардан кіріс**

2012 жылы қауымдасқан компаниялардағы және бірлескен кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 2011 жылмен салыстырғанда 20%-ға төмен болып, 67 млрд. теңгені (452 млн. АҚШ доллары) құрады. Бұл негізінен экспорттан ішкі нарыққа мұнай сату көлемдерін қайта бөлумен және корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың ұлғаюымен байланысты.

#### **Қазгермұнай**

ҚМГ БӨ 2012 жылы ҚМГ компаниясының қатысуындағы үлесінен 33 млрд. теңге (224 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті есебіне енгізді. 2012 жылы ҚМГ таза табысы өткен жылмен салыстырғанда 3%-ға төмендеді, бұл негізінен экспорттан ішкі нарыққа мұнай сатылымы көлемдерінің қайта бөлінуімен және корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың ұлғаюымен байланысты.

#### **ПетроҚазақстан Инк.**

2012 жылы ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 34 млрд. теңге (226 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті есебіне енгізді. 2012 жылы ПҚИ таза пайдасы өткен жылмен салыстырғанда 25%-ға төмендеді, бұл негізінен ішкі нарыққа (орын алмастыру келісім шарты) жеткізілімдер бойынша міндеттемелерді орындау үшін үшінші тараптан сатып алынған мұнай көлемінің 2011 жылғы 1 301 мың. тоннадан, 2012 жылы 211 мың тоннаға дейін төмендеуімен байланысты, бұл экспортқа жеткізілімдер көлемінің төмендеуіне және корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың ұлғаюына әкеліп соқты.

#### **CCEL**

Компания 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзінің балансында 18,2 млрд. теңге соманы (121 млн. АҚШ доллары) CITIC Group кәсіпорынымен бірлесіп бақылайтын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2012 жылы ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кіріске қатысты, 2,7 млрд. теңге мөлшеріндегі (18 млн. АҚШ доллары) пайыздық кірісті есептеді.

---

<sup>2</sup> Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша займдардың сомасын алып тастағанда ақша қаражаттары, олардың баламалары және басқа да қаржы активтерінің (Облигацияны қосқанда) сомасы ретінде есептеледі.

## **Активтердің құнсыздануы**

Соңғы екі жыл бойына жоспарланған көлеммен салыстырғанда өндіріс көлемінің айтарлықтай төмендеуіне және операциялық және күрделі шығыстардың ұлғаюына байланысты Компания басшылығы «Өзенмұнайгаз» АҚ өтем құнына бағалау жүргізді.

Бағалау нәтижелері «Өзенмұнайгаз» АҚ активтерінің ағымдағы құнының бағаланған өтем құннан 75 млрд.теңгеге асатынын (500 миллионға жуық АҚШ доллары), оның 2012 жылы құнсыздануды тануға әкелгенін көрсетті (топтастырылған қаржылық есепке 6 және 20 ескертпелерді қараңыз).

Басшылық болашақта өндіріс нақты іс жүзінде күткендей болып, қолданылған ағымдағы құнсыздану индикаторларының пайда болуы «Өзенмұнайгаз» АҚ активтерінің құнсыздануы бойынша шығыстарды түзетуі мүмкін деп есептейді

## **Жаңа тағайындау**

2013 жылдың ақпанында Бақыт Иманбаев ҚМГ БӨ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып тағайындалды және Басқарма мүшесі болып, жалпы Басқарма өкілеттігі мерзіміне сайланды.

\*\*\*

2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған топтастырылған қаржылық есебі, оның ескертпелері, сондай-ақ қаржылық жағдайға талдау мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері Компанияның веб-сайтында ([www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz)) жарияланатын болады.

**ҚОСЫМША**  
**Жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп**

	31 желтоқсанында аяқталған жылда	
	2012	2011
Кірістер	797.170	721.194
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	67.442	84.276
Қаржылық кіріс	34.528	28.843
<b>Түсім мен басқа да кірістердің жиыны</b>	<b>899.140</b>	<b>834.313</b>
Өндірістік шығыстар	(140.362)	(117.465)
Сату және әкімшілік шығыстар	(93.088)	(98.520)
Барлау шығыстары	(6.104)	(5.985)
Ескіру, тозу және амортизация	(53.747)	(45.494)
Табыс салығынан басқа салықтар	(274.171)	(284.028)
Негізгі қаражаттың құнсыздануы	(77.012)	(1.653)
Негізгі қарызды шығарудан түскен шығындар	(3.189)	(4.044)
Қаржыландыру шығындары	(7.231)	(7.223)
Бағамдық айырмашылық кірістері, таза	9.513	2.691
<b>Салық салғанға дейінгі табыс</b>	<b>253.749</b>	<b>272.592</b>
Табыс салығы шығындары	(92.926)	(63.661)
<b>Кезеңдегі пайда</b>	<b>160.823</b>	<b>208.931</b>
Шетелдік операцияларды қайта санаудан бағамдық айырмашылық	3.655	1.978
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кіріс</b>	<b>3.655</b>	<b>1.978</b>
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны</b>	<b>164.478</b>	<b>210.909</b>

БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА – мың теңгемен

*Миллион теңгемен*

**Қаржылық жағдай туралы топтастырылған есеп***Миллион теңгемен*

	<b>31 желтоқсанда</b>	
	<b>2012</b>	<b>2011</b>
<b>АКТИВТЕР</b>		
<b>Ұзақмерзімді активтер</b>		
Негізгі құралдар	325.520	338.860
Материалдық емес активтер	19.584	26.638
Бірлескен кәсіпорындардағы инвестициялар	89.252	116.526
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	118.959	133.228
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	14.326	18.138
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын займдар	13.150	8.494
Басқа да қаржылық активтер	1.085	188.803
Кейінге қалдырылған салықтар бойынша активтер	31.968	9.450
Басқа да активтер	17.200	19.593
<b>Ұзақ мерзімді активтер жиыны</b>	<b>631.044</b>	<b>859.730</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>		
Тауар-материалдық қорлар	25.058	22.651
Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу	17.806	9.971
Салықтар және ҚҚС өтеуге алдын ала төлем	56.257	22.738
Пайдалы қазбаларды өндіруге салық бойынша алдын ала төлем	8.073	–
Алдағы кезеңдердің шығындары	15.539	12.054
Сауда және басқа да дебиторлық қарызы	101.168	84.126
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	3.895	1.361
Басқа да қаржылық активтер	550.556	321.890
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	154.705	206.512
<b>Ағымдағы активтердің жиыны</b>	<b>933.057</b>	<b>681.303</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1.564.101</b>	<b>1.541.033</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Жарғылық капитал	162.952	198.452

Басқа резервтер	2.474	2.124
Бөлінбеген пайда	1.154.335	1.083.749
Басқа капитал құрамы	18.009	14.354
<b>Капитал жиыны</b>	<b>1.337.770</b>	<b>1.298.679</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер</b>		
Займдар	4.848	33.034
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	–	2.049
Резервтер	36.927	37.846
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>41.775</b>	<b>72.929</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>		
Займдар	2.462	54.931
Төлемге кіріс салығы	32.103	–
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы және ренталық салық	50.417	50.908
Торговая и прочая кредиторская задолженность	82.255	48.680
Резервтер	17.319	14.906
<b>Ағымдағы міндеттемелер жиыны</b>	<b>184.556</b>	<b>169.425</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>226.331</b>	<b>242.354</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>	<b>1.564.101</b>	<b>1.541.033</b>

## **Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жиынтық есеп**

*Миллион теңгемен*



31 желтоқсанда  
аяқталған жылда

	2012	2011
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағымдары</b>		
Табыс салығына дейінгі пайда	253.749	272.592
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзетулер		
Ескіру, тозу және амортизация	53.747	45.494
Қауымдасқан компаниялар және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(67.442)	(84.276)
Негізгі құралдарды шығару шығындары	3.189	4.044
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы	77.012	2.439
Барлау және бағалау бойынша активтер жөніндегі нәтижесіз барлау ұңғыларының шығындары	4.321	2.586
Үлестес құралдарда негізделген төлемдерді тану	354	408
Үлестік құралдарды алу	(4)	(24)
Операциялық қызметтен емес бағамдық айырмашылықтың жүзеге аспаған кірістері	(6.835)	(2.306)
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар	420	4.591
Қаржыландыруға плюс шығыстар	7.231	7.223
Минус қаржылық кірістер	(34.528)	(28.843)
Айналымдағы капиталды түзетулер		
Басқа активтердегі өзгерістер	101	(817)
Тауарлық-материалдық қорлардағы өзгерістер	(2.267)	(4.822)
Өтелетін ҚҚС және салық бойынша алдын ала төлемдегі өзгерістер	(33.519)	(2.105)
Болашақ кезеңдердің шығындарындағы өзгерістер	(3.577)	15.839
Сауда және басқа да дебиторлық қарыздардағы өзгерістер	(16.599)	(18.487)
Сауда және басқа да кредиторлық қарыздардағы өзгерістер	13.925	(3.600)
	(8.564)	4.854
Резервтердегі өзгерістер	10.663	7.621
Төленген табыс салығы	(96.498)	(74.201)
<b>Операциялық қызметтен алынған ақша қаражатының таза ағымдары</b>	<b>154.879</b>	<b>148.210</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(99.240)	(92.760)
Негізгі құралдарды сатып алудан түскен түсім	1.054	753
Материалдық емес активтерді сатып алу	(8.874)	(12.218)
Бірлескен кәсіпорындардағы үлестерді сатып алу	–	(23.907)
Бірлескен кәсіпорынға берілген займ	(5.081)	(1.923)
Табыс салығы шегерілген, бірлескен және қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	114.207	89.795
ҚМГ ҰК үлестік құралына инвестиция ретінде алынған сыйақы	11.280	13.006
(Сатып алу) / өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтерді сату	(85.257)	56.836
Басқа да қаржылық активтерді сатудан түсімдер	5.546	–
Байланысқан тараптар займдарын өтеу	7.657	3.940
Еншілес ұйымдарды сатуда (сатып алу) алынған ақша қаражаттарын шегеріп тастағанда	3.601	(8.799)
Алынған сыйақылар	2.976	9.603
<b>Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>(52.131)</b>	<b>34.326</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Өзіндік акцияларды сатып алу	(36.203)	(15.763)
Займдарды өтеу	(81.406)	(35.219)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	(33.971)	(19.287)
Төленген сыйақылар	(2.975)	(4.665)
<b>Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таға ағымдары</b>	<b>(154.555)</b>	<b>(74.934)</b>
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза өзгерту	(51.807)	107.602
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	206.512	98.520
Ақша қаражаттары және олардың баламалары бойынша оң бағамдық айырмашылық	–	390
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>154.705</b>	<b>206.512</b>

Төменде 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған, жылдағы көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай және мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген.

<b>2012 жыл</b> (доллар США/барр)	<b>ӨАС</b>	<b>КҚК</b>	<b>Ішкі.</b>
Жарияланатын нарықтық баға <sup>3</sup>	111,70	111,70	-
Сату бағасы	108,80	109,83	34,50
Сапа банкі	-	(7,41)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	0,14	8,76	-
<b>Сатылған баға<sup>4</sup></b>	<b>108,94</b>	<b>111,18</b>	<b>34,50</b>
Ренталық салық	(23,79)	(23,23)	-
Экспорттық кедендік салық	(5,62)	(4,91)	-
Көліктік шығындар	(7,91)	(6,96)	(1,00)
Сату бойынша комиссия	(0,02)	(0,02)	-
<b>Нетбэк</b>	<b>71,60</b>	<b>76,06</b>	<b>33,50</b>

<b>2011 жыл</b> (доллар США/барр)	<b>ӨАС</b>	<b>КҚК</b>	<b>Ішкі.</b>
Жарияланатын нарықтық баға <sup>5</sup>	111,26	111,26	-
Сату бағасы	106,06	109,98	26,28
Сапа банкі	-	(9,65)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	(0,08)	9,32	-
<b>Сатылған баға<sup>6</sup></b>	<b>105,98</b>	<b>109,65</b>	<b>26,28</b>
Ренталық салық	(24,51)	(24,57)	-
Экспорттық кедендік салық	(5,20)	(5,20)	-
Көліктік шығындар	(7,75)	(7,56)	(1,38)
Сату бойынша комиссия	(0,07)	(0,07)	-
<b>Нетбэк</b>	<b>68,45</b>	<b>72,25</b>	<b>24,90</b>

<b>Анықтамалық ақпарат</b>	<b>2012</b>	<b>2011</b>
Кезенге орташа бағам US\$/KZT	149,11	146,62
Кезең соңындағы US\$/KZT бағамы	150,74	148,40
ҚМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,36
Қазгермұнай үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,70
ССЕЛ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		6,68
ПҚИ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,75

## АНЫҚТАМА

<sup>3</sup> Нарықтық баға ретінде Brent (DTD) мұнай котировкасы қолданылды.

<sup>4</sup> Қаржылық есеп бойынша баға бір тонна мұнай үшін 7,23 баррель коэффициенті бойынша алынды.

**ҚМГ БӨ** мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен ССЕЛ («Қаражанбасмұнай» АҚ) және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2012 жылы 12,2 млн. тоннаны (тәулігіне 247 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша 226 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,1 млрд. жуық баррелді құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегінде IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде растады.

#### **Байланыстық ақпарат:**

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 54 33)  
Әсел Қалиева  
e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 79 15)  
Жанна Ойшыбаева  
e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

#### **Болашаққа қатысты мәлімдеме**

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.